

## **Жүйелік оператордың қызмет көрсету, жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтер нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 691 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 желтоқсанда № 12562 болып тіркелді.

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 23) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 05.10.2021 № 313 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Жүйелік оператордың қызмет көрсету, жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтер нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2015 жылғы

Энергетика министрінің  
Қазақстан Республикасының  
2015 жылғы 3 желтоқсандағы  
№ 691 бұйрығымен  
бекітілген

## **Жүйелік оператордың қызмет көрсету, жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтер нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 251 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жүйелік оператордың қызмет көрсету, жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтер нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 23) тармақшасына сәйкес әзірленді және жүйелік оператордың қызметтер көрсету, жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтер нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар электр энергиясының көтерме сауда нарығының барлық субъектілеріне қолданылады.

3. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) диспетчер – төмен тұрған диспетчерлік орталықтың диспетчеріне немесе электр энергетикасы субъектілерінің жедел персоналына тиісті диспетчерлік орталықтың операциялық аймағында электр энергетикасының режимі мен электр жабдығын, құрылғылары мен электр желілерін пайдаланудың жай-күйін басқару жөнінде диспетчерлік орталықтың атынан командалар мен өкімдер беруге уәкілетті қызметкер;

2) диспетчерлік команда – жоғары тұрған диспетчерлік орталықтың диспетчері байланыс арналары бойынша төмен тұрған диспетчерлік орталықтың диспетчеріне немесе электр энергетикасы субъектілерінің жедел персоналына технологиялық жұмыс режимдері мен электр жабдығын, құрылғылары мен электр желілерін пайдалану жай-күйін басқару жөнінде нақты іс-қимыл (іс-қимылдар) жасауға (жасаудан қалыс қалуға) беретін нұсқауы;

3) жедел басқару – көрсетілген жабдықтың, құрылғылар мен электр желілерінің пайдаланылу жай-күйі тиісті диспетчерлік орталық диспетчерінің командасы бойынша ғана өзгертілетін электр жабдығын, құрылғылар мен электр желілерінің пайдаланылу жай-күйін басқаруды ұйымдастыру;

4) жедел жүргізу – көрсетілген жабдықпен, құрылғылармен және электр желілерімен операцияларды орындау кезінде көрсетілген жабдық пен құрылғы бар жедел-диспетчерлік басқарудың жоғары тұрған диспетчерінің рұқсатымен жүргізілетін электр жабдығының, құрылғылар мен электр желілерінің пайдаланылу жай-күйін басқаруды ұйымдастыру;

5) жүйелік шектеулер – Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінің (бұдан әрі – Қазақстан БЭЖ-і) технологиялық жұмыс істеу параметрлерінің шекті рұқсат етілетін мәндері;

6) Қазақстан БЭЖ-інің қалыпты жұмыс режимі – режимді жоспарлау кезінде көзделген электр энергетикасы жүйесінің барлық элементтері жұмыс істейтін және жасалған шарттардың талаптарына сәйкес электр энергиясының барлық тұтынушыларын электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін қалыптасқан жұмыс режимі;

7) Қазақстан БЭЖ-інің авариядан кейінгі жұмыс режимі – электр энергетикасы жүйесінің зақымданған элементін авариялық ажыратудан кейін туындайтын және қалыпты жұмыс режимін қалпына келтіргенге дейін жалғасатын қалыптасқан режим;

8) Қазақстанның БЭЖ-і электр қуатының резерві – шартта көзделген талаптарға сәйкес келетін қажетті құрылымы, шамасы, сондай-ақ диспетчерлендіруге дайындық дәрежесі бар энергия өндіруші ұйымдар агрегаттарының электр қуаты;

9) Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын генерация-тұтынудың нақты теңгерімі (бұдан әрі – нақты теңгерім) – есепті кезеңде жеткізілген және тұтынылған электр энергиясының көлемін көрсететін жүйелік оператор жасаған құжат;

10) орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару – жүйелік оператор жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі сенімділігінің нормативтік деңгейін және электр энергиясының нормативтік сапасының сақталуын қамтамасыз ететін энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен электр энергиясын тұтынушылардың техникалық келісілген жұмысын үздіксіз басқару процесі;

11) цифрлық майнинг – блокчейн арқылы ақпараттандыру объектілеріндегі деректер блоктарының тұтастығын растауды қамтамасыз ететін, деректерді шифрлаудың және өңдеудің берілген алгоритмдеріне сәйкес компьютерлік, энергетикалық қуаттарды пайдалана отырып, есептеу операцияларын жүргізу процесі;

12) электр энергиясын сатып алу-сату шарты – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасында белгіленген кезеңде оларды табиғи жеткізумен электр энергиясын сатып алуға-сатуға жасалатын келісім;

13) электрмен жабдықтауды шектеу – тұтынушыға электр энергиясын беруді толық немесе ішінара тоқтату;

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

4. Жүйелік оператор электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне шарт негізінде жүйелік қызметтердің мынадай түрлерін көрсетеді:

- 1) ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру бойынша;
- 2) ұлттық электр желісін пайдалану бойынша;
- 3) тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша;
- 4) электр қуатын резервтеу жөніндегі;
- 5) Қазақстан БЭЖ-інің электр энергиясын өндіру (тұтыну) теңгерімін ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету.

## **2-тарау. Жүйелік оператордың қызмет көрсету тәртібі**

### **1-параграф. Жүйелік қызмет көрсету нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеуі тәртібі**

5. Ұлттық электр торабы бойынша электр энергиясын беру қызметтері:

1) электр энергиясын экспорттайтын және импорттайтын, ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне;

2) басқа мемлекеттің энергия жүйесінің бір бөлігінен осы энергия жүйесінің басқа бөлігіне, сондай-ақ бір мемлекеттің энергия жүйесінен екінші мемлекеттің энергия жүйесіне ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясының мемлекетаралық транзитін жүзеге асыратын басқа мемлекеттердің ұйымдарына;

3) осы тұлғалар тобына кіретін объектілер үшін ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдарға, осы тұлғалар топтарының құрамына кіретін генерациялау объектілерінен де, бірыңғай сатып алушыдан және электр энергиясын теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының есеп айырысу орталығынан, оның ішінде теңгерім провайдерлері арқылы электр энергиясын сатып алу кезінде де;

4) "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өнеркәсіптік кешендер болып табылатын және білікті тұтынушылар болып табылатын, олардың құрамына кіретін объектілер үшін электр энергиясын осы шартты тұтынушылардың құрамына кіретін генерациялау объектілерінен де, бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу кезінде де электр энергиясын беруді жүзеге асыратын шартты тұтынушыларға және электр

энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығы, оның ішінде теңгерім провайдерлері арқылы;

5) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алу кезінде ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен екіжақты шарттар жасасқан көтерме сауда нарығы субъектілеріне;

б) олардың құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын энергия өндіруші ұйымдарға беріледі.

6. Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі жүйелік оператордың қызметіне ақы төлеу жүргізіледі:

1) электр энергиясын экспорттайтын және импорттайтын көтерме сауда нарығының субъектілері тиісінше нақты баланс деректері негізінде электр энергиясының экспорты мен импортының нақты көлемі үшін;

2) есепті кезеңнің (айдың) қорытындылары бойынша электр энергиясын генерация – тұтынудың тәуліктік кестесінде мәлімделген жоспарлы мәндер үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері, сондай-ақ бір мемлекеттің энергия жүйесінен екінші мемлекеттің энергия жүйесіне ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын басқа мемлекеттердің ұйымдары;

3) тиісті шарттарда айқындалған электр энергиясын берудің нақты көлемдері үшін басқа мемлекеттің энергия жүйесінің бір бөлігінен осы энергия жүйесінің басқа бөлігіне ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясының мемлекетаралық транзитін жүзеге асыратын басқа мемлекеттердің ұйымдары;

4) шарттың талаптарына сәйкес айқындалған электр энергиясын берудің нақты көлемдері үшін, сондай-ақ қорытындылары бойынша алынған электр энергиясының жиынтық нақты көлемі үшін осы адамдар тобына осы адамдар тобының құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығынан, оның ішінде теңгерім провайдерлері арқылы есеп айырысу кезеңінен ( күнтізбелік айдан) , тиісті есептік кезеңде электр энергиясын генерация-тұтынудың нақты теңгерімінің деректері негізінде айқындалған;

5) "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өнеркәсіптік кешендер болып табылатын және білікті тұтынушылар болып табылатын, олардың құрамына кіретін объектілер үшін электр энергиясын осы шартты тұтынушылардың құрамына кіретін генерациялау объектілерінен электр энергиясын берудің нақты көлеміне беруді жүзеге асыратын шартты тұтынушылар шарттың талаптарымен, сондай-ақ электр энергиясының жиынтық нақты көлемі үшін, есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың)

қорытындылары бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығынан, оның ішінде тиісті есеп айырысу кезеңінде электр энергиясын генерация-тұтынудың нақты теңгерімінің деректері негізінде айқындалған теңгерім провайдерлері арқылы алынған;

6) жанартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алу кезінде ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын көтерме сауда нарығының субъектілері шарттың талаптарына сәйкес айқындалған электр энергиясын берудің нақты көлемдері үшін екіжақты шарттардың негізінде;

7) олардың құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын энергия өндіруші ұйымдар шарт талаптарына сәйкес айқындалған электр энергиясын берудің нақты көлемдері үшін электр энергиясын беруді жүзеге асырады.

7. Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсету кезінде жүйелік оператор:

1) жалғануға техникалық талаптарды орындаған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр қондырғыларын ұлттық электр желісіне қосуды қамтамасыз етеді;

2) субъектінің электр энергиясын ұлттық электр желісіне шартта келісілген баланстық тиесілілікті бөлу шекараларында, есепке алу нүктелерінде, көлемі мен мерзімдерінде қабылдауды жүзеге асырады. Бұл ретте жасалатын шарттарда субъект электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының есеп айырысу орталығынан, оның ішінде теңгерім провайдерлері арқылы сатып алған жағдайларда қабылдау нүктелері көрсетілмейді;

3) шартта келісілген теңгерімді тиесілілік есепке алу нүктелеріндегі бөлу шекараларында, көлемде және мерзімде субъектінің электр энергиясын ұлттық электр желілерінен беруді жүзеге асырады;

4) ұлттық электр желісін жұмысқа жарамды күйде ұстап тұрады;

5) ұлттық электр желісінің ағымдағы дамуын, пайдаланылуы мен қызмет көрсетуін, ұлттық электр желісіне инвестициялар жоспарлауды жүзеге асырады;

6) релелік қорғау және аварияға қарсы автоматика жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді, оларды пайдалану әзірлігінде ұстап тұру және дамытуды жүзеге асырады;

7) Қазақстан БЭЖ-дегі электр энергиясының стандартты жиілігін ұстап тұруға бағытталған шараларды орындайды;

8) ұлттық электр желісі шегінде электр энергиясын коммерциялық есепке алуды қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығында электр энергиясын генерация-тұтынудың нақты теңгерімін жасайды;

9) электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына кедергісіз қолжетімділікті ұсынады;

10) электр энергиясын генерация-тұтыну режимінің тәуліктік кестесін қалыптастыру үшін сатып алынатын электр энергиясының шарттық көлемдері бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерінен өтінімдер қабылдайды;

11) электр энергиясын беру және тұтыну режимдерін жүргізу бойынша өкімдер береді.

8. Жүйелік оператордан электр энергиясын беру жөніндегі қызмет көрсетуді сатып алатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері:

1) жүйелік операторға электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына кедергісіз қолжетімділікті ұсынады;

2) Қазақстан БЭЖ-інде электр энергиясының стандарттық жиілігін ұстап тұруға бағытталған нормативтік талаптарды орындайды;

3) ток қабылдағыштардың және электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының тиісті жай-күйін ұстап тұрады;

4) жүйелік оператордың электр энергиясын беру және тұтыну режимін жүргізу жөніндегі өкімдерін орындайды;

5) осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес бекітілетін нұсқаулықтардың ережелерін орындайды;

6) жүйелік операторға электр энергиясын беруге арналған болжамды айлық (ай басталғанға дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын), тоқсандық (тоқсан басталғанға дейін күнтізбелік 60 (алпыс) күн бұрын), жылдық (жыл басталғанға дейін күнтізбелік 150 (жүз елу) күн бұрын) өтінімдерді береді;

7) шектес елдердің электр желілері арқылы электр энергиясының импорты, экспорты және (немесе) транзиті жағдайында қажетті кедендік рәсімдерді орындайды;

8) энергия беруші ұйымдармен коммерциялық есепке алудың бірыңғай өлшемін сақтау, электр желілерінің теңгерімді тиесілігі шекарасында коммерциялық есепке алудың жүйелік оператордың автоматтандырылған коммерциялық есепке алу жүйесімен үйлесімдігі мәселелерін келіседі.

9. Ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтер энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, тұтынушыларға және жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық кеншілерге олар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған және теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату операцияларын және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының есеп айырысу орталығымен теріс теңгерімсіздіктерді жүзеге асырған кезде, соның ішінде баланс провайдерлері арқылы.

10. Ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі жүйелік оператордың қызметіне ақы төлеуді осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясының бірыңғай сатып алушысынан және электр

энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығынан, оның ішінде теңгерім провайдерлері арқылы электр энергиясының осы көтерме сауда нарығының субъектісінің есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша алынған электр энергиясының жиынтық нақты көлемі үшін жүргізеді.

11. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының есеп айырысу орталығынан, оның ішінде теңгерім провайдері арқылы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша алынған электр энергиясының жиынтық нақты көлемі тиісті есеп айырысу кезеңінде электр энергиясын генерация-тұтынудың нақты теңгерімінің деректері бойынша айқындалады.

12. Ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызметтер көрсету кезінде жүйелік оператор:

1) бірыңғай сатып алушыдан және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының есеп айырысу орталығынан электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі сатып алған электр энергиясын ұлттық электр желісінен шартта келісілген теңгерімдік тиесілігін бөлу шекараларында, есепке алу нүктелері мен мерзімдерінде беруді жүзеге асырады;

2) ұлттық электр желісін жұмыс күйінде ұстайды;

3) ұлттық электр желісін ағымдағы дамытуды, пайдалануды және оған қызмет көрсетуді, ұлттық электр желісіне инвестицияларды жоспарлауды жүзеге асырады;

4) релелік қорғау және аварияға қарсы автоматика жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді, пайдалану әзірлігін қолдауды және дамытуды жүзеге асырады;

5) Қазақстан БЭЖ-де электр энергиясының стандартты жиілігін қолдауға бағытталған шараларды орындайды;

6) Ұлттық электр желісі шегінде электр энергиясының коммерциялық есебін қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын генерация-тұтынудың нақты теңгерімін жасайды;

7) электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді;

8) электр энергиясын генерация-тұтыну режимдерінің тәуліктік кестесін қалыптастыру үшін сатып алынатын электр энергиясының шарттық көлемі бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен өтінімдер қабылдайды;

9) электр энергиясын беру және тұтыну режимдерін жүргізу жөнінде өкімдер береді

13. Жүйелік оператордан ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтерді сатып алатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері:

1) жүйелік операторға электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуді ұсынады;



2) Қазақстан БЭЖ-інде электр энергиясының стандартты жиілігін қолдауға бағытталған нормативтік талаптарды орындайды;

3) электр энергиясын коммерциялық есепке алу ток қабылдағыштары мен аспаптарының тиісті жай-күйін қолдайды;

4) электр энергиясын тұтыну режимін жүргізу бойынша жүйелік оператордың өкімдерін орындайды;

5) осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес бекітілетін нұсқаулықтардың ережелерін орындайды;

6) энергия беруші ұйымдармен коммерциялық есептің өлшем бірлігін сақтау, коммерциялық есептің электр желілерінің теңгерімдік тиесілілігі шекарасындағы жүйелік оператордың коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесімен үйлесімділігі мәселелерін келіседі.

14. Жүйелік оператор электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлеу қызметін энергия өндіруші ұйымдар, сондай-ақ энергиямен жабдықтаушы, энергия жеткізуші ұйымдарға және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден электр энергиясын жеткізуді (импорттауды), соның ішінде Қазақстан Республикасының электр энергетикалық жүйесінен іргелес мемлекеттер территориясы арқылы электр энергиясын жеткізетін тұтынушыларға көрсетеді.

15. Техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді көрсету кезінде жүйелік оператор:

1) Заңға және осы Қағидалардың 2-тарауының 1-параграфына сәйкес Қазақстан БЭЖ-інің құрамында электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр қондырғыларының жұмыс режимдерін үздіксіз орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды;

2) жедел-диспетчерлік басқару, телемеханика және байланыс жабдықтары мен құрылғыларына, жедел-ақпараттық кешенге техникалық қызмет көрсету және оларды пайдалану әзірлігінде ұстауды;

3) Қазақстан Республикасы БЭЖ-інде электр энергиясы сапасының стандарттарымен белгіленген көрсеткіштерін қолдауға бағытталған нормативтік талаптарды орындауды;

4) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 248 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10957 болып тіркелген) Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері үшін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің жұмыс істеу қағидаларына және Заңға сәйкес белгіленген талаптарға жауап беретін электр энергиясын коммерциялық есепке алуды қамтамасыз ету.

16. Жүйелік оператор Қазақстан БЭЖ-ін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару процесінде:

1) электр энергиясын сатып алу-сату, беру, электр қуатын реттеу, электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеу шарттарының талаптарын іске асыратын Қазақстан БЭЖ-інде электр энергиясын өндіру, беру және тұтыну режимдерін басқаруды;

2) мемлекетаралық электр энергиясы ағындарының режимдерін басқаруды;

3) Қазақстан БЭЖ-інде технологиялық бұзылуды болдырмауды, оқшаулау мен жоюды қамтамасыз етуді;

4) Қазақстан БЭЖ-інде қуат резервтерін жедел басқаруды;

5) Қазақстан БЭЖ-інің сенімді және орнықты жұмысын қамтамасыз ететін релелік қорғау, аварияға қарсы және режимдік автоматика жүйелерінің құрылымын, қағидаттарын, орналасу орындарын, көлемдері мен орнатылуын айқындауды;

6) Қазақстан Республикасының БЭЖ-інде электр энергиясын генерация-тұтынудың тәуліктік кестелерін қалыптастыруды және бекітуді;

7) электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын генерация-тұтынудың нақты теңгерімдерін жасауды жүзеге асырады.

17. Жүйелік оператор Қазақстан БЭЖ-інде электр энергиясын өндіру, беру мен тұтыну режимдерін басқаруды:

1) станциялардың қуатын беру схемасын, ірі тұтынушылардың электр схемалары мен режимдері бөлігінде сыртқы электрмен жабдықтау схемаларын, релелік қорғанысты, аварияға қарсы автоматика мен диспетчерлік басқарудың автоматты жүйесін келісу;

2) электр станциялары мен электр желілерінде, технологиялық басқару, релелік қорғау және автоматика жүйелерінің негізгі жабдықтарын жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жағдайларды жоспарлау және дайындау;

3) электр энергиясының көтерме сауда нарығында жасалған шарттардың талаптарын бұзатын, сондай-ақ қатар электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсету шартының талаптарын бұзатын электр энергиясы көтерме сауда нарығының субъектілеріне шектеулер енгізу жөніндегі шараларды әзірлеу;

4) шектес мемлекеттердің диспетчерлік орталықтарымен, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі жедел-диспетчерлік құжаттарды әзірлеу;

5) жедел-диспетчерлік басқару аймағына кіретін Қазақстан Республикасының шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік кешенін электрмен жабдықтау жай-күйі туралы электр энергетикасы және мемлекеттік энергетикалық қадағалау саласындағы мемлекеттік органдарды ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету;

6) жедел-диспетчерлік басқару аймағына кіретін гидроэлектр станциялары мен су қоймаларын пайдалану режимдерін мониторингілеу;

7) жүйелік оператордың құзыретіне кіретін нұсқаулық материалдарды әзірлеу және олармен орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару жүйесінің барлық құрылымдарын қамтамасыз ету;

8) цифрлық майнингті жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін квота мен тұтыну бейінін айқындау арқылы жүзеге асырады.18. Жүйелік оператор мемлекетаралық электр энергиясының ағындары режимімен басқаруды:

1) шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатар жұмысты қамтамасыз етуге байланысты жасалған шарттар мен келісімдер талаптарының мониторингін жүргізу және оларды орындау;

2) мемлекетаралық электр беру желілері бойынша электр энергиясын жеткізуге және беруге арналған шарттарға техникалық сараптама жүргізу және олардың талаптарының орындалуын бақылау;

3) мемлекетаралық электр энергиясы ағындарының келісілген мәндерінен ауытқуын реттеу арқылы жүзеге асырады.

19. Орталықтандырылған диспетчерлік басқару мынадай тәсілмен жасақталған көп деңгейлі құрылым негізінде жүзеге асырылады:

1) Қазақстан БЭЖ-інде орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқарудың бірыңғай жүйесіндегі ең жоғарғы басқару деңгейі болып табылатын жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы;

2) орталықтандырылған диспетчерлік басқару процесінде Қазақстанның жүйелік операторының ұлттық диспетчерлік орталығынан бағынатын жүйелік оператордың өңірлік диспетчерлік орталықтары;

3) орталықтандырылған диспетчерлік басқару процесінде Қазақстанның жүйелік операторының ұлттық диспетчерлік орталығына, жүйелік оператордың өңірлік диспетчерлік орталықтарына бағынатын өңірлік электр желілік компаниялардың, энергия өндіруші ұйымдардың, электр энергиясының көтерме сауда нарығы тұтынушыларының диспетчерлік бөлімшелері.

20. Жүйелік оператор орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру кезінде технологиялық байланыс, релелік қорғау, аварияға қарсы және режимдік автоматика, телемеханика мен объектілерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің, олардың жұмыс режимдерін бақылау, электр энергиясын есепке алу мен электр энергиясын тұтынуды басқару құралдарының құрылымын, дамуы мен пайдалануын ұйымдастыруды белгілейді.

21. Орталықтандырылған-диспетчерлік басқарудың әрбір деңгейі үшін электр беру желілерін, жабдық пен құрылғыларды басқарудың екі санаты: жедел басқару мен жедел жүргізу белгіленеді.

22. Жедел-диспетчерлік басқарудың тиісті деңгейіндегі диспетчердің жедел басқаруында олармен операциялар жүргізу бағыныстағы жедел-диспетчерлік персоналдың іс-қимылдары мен жедел бағыныстың түрлі деңгейіндегі бірнеше

объектілерде келісілген өзгерістерді үйлестіруді талап ететін жабдық, электр беру желісі, релелік қорғау құрылғысы, аварияға қарсы және режимдік автоматика жүйелерінің аппаратуралары, диспетчерлік және технологиялық басқару құралдары болады.

23. Диспетчердің жедел иелігінде жай-күйі мен режимі электр станциялары мен энергия жүйелерінің қуаты мен резервіне, желілердің режимі мен сенімділігіне, сондай-ақ аварияға қарсы автоматиканы ретке келтіруге әсер ететін жабдық, электр беру желілері, релелік қорғау құрылғылары, аварияға қарсы және режимдік автоматика жүйелерінің аппаратурасы, диспетчерлік және технологиялық басқару құралдары, жедел-ақпараттық кешендер болады.

24. Барлық электр беру желілері, электр станциялары мен желілердің жабдықтары мен құрылғылары диспетчерлік басқару деңгейлері бойынша бөлінеді.

25. Ұйымның кезекші диспетчерінің жедел басқаруындағы және иелігіндегі электр беру желілерінің, электр станциялары мен желілердің жабдығы мен құрылғыларының тізбесі жоғары тұрған жедел-диспетчерлік ұйымның немесе бөлімшенің шешіміне сәйкес жасалады және оны осы ұйымның техникалық басшысы бекітеді.

26. Жүйелік оператордың жедел иелігінде жай-күйі мен режимі өңірлік көтерме сауда тұтынушыларына ұлттық электр желісі бойынша қуатты беруге және аумақтармен ықпалдастырылған электр станцияларынан қуатты беруге әсер ететін электр беру желілері, жабдық, релелік қорғау және автоматика мен аварияға қарсы автоматика құрылғылары, диспетчерлік және технологиялық басқару құралдары болады.

